

А.Ж. Өмір*, э.ғ.м., аға оқытушы¹

К.О. Мазбаева, PhD²

Қ.О. Большекбаева, э.ғ.м., аға оқытушы¹

Э.О. Телагусова, э.ғ.к., аға оқытушы³

Caspian University, Алматы қ., Қазақстан¹

Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық

бизнес университеті, Алматы қ., Қазақстан²

Абай атындағы қазақ Ұлттық педагогикалық

университеті, Алматы қ., Қазақстан³

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: omir_ainura@mail.ru

РЕЙТИНГТІК АГЕНТТІКТЕР МЕН НЕСИЕЛІК РЕЙТИНГТІҢ КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Нарықтық экономиканың қажеттіліктеріне байланысты рейтингтік агенттіктер қарыз алушы компаниялардың несиелік қабілетін тәуелсіз бағалауды қолға алып, және тағайындаған рейтингтерін пайдаланушылардың кең ауқымына тегін ұсынады. Рейтингтік агенттік түрлі ұйымдарға несиелік рейтингті және олардың несиелік қабілеттілігін, төлем қабілеттілігін және сенімділігі мен нәтижелерімен басқарушылық қасиеттерін бағалау арқылы басқару сапасы мен сенімділік рейтингін беруге жауапты бірегей коммерциялық институт. Рейтингтік агенттіктер түрлі бағыттағы биржаларда маңызды рөл атқарады. Ірі ұйымдардың рейтингі олардың қызметіндегі маңызды аспектке айналды, өйткені белгілі және терең беделді рейтингтік агенттіктер құрастырған ұйымның рейтингі жоқ инвесторлар инвестицияланған ұйым туралы соңғы ақпаратты біле алмайды.

Мақалада әлемдік жетекші және жергілікті рейтингтік агенттіктердің маңыздылығы мен рөлі, сондай-ақ кредиттік рейтингтердің жіктелуі қарастырылады. Атап айтқанда, олардың негізгі төрт рөлі талқыланады. Рейтингтік агенттіктер эмитент-компаниялардың борыштық міндеттемелерін орындамау ықтималдығы туралы бейтарап қорытынды жасай отырып, хабардар емес инвесторларға маңызды инвестициялық шешімдер қабылдауға көмектесетіні анықталды. Қаржы нарығына қатысушылар арасындағы ақпараттық асимметрияны төмендетудегі рөлі атап өтілді. Шетелдік зерттеушілердің көпшілігі несиелік рейтингке неғұрлым толық және терең анықтамалар бергені көрсетілді, сондай-ақ оның мәнін ашатын дефинициялар талданып берілген. 2021 жылы AAA рейтингіне қарағанда, қазақстандық қаржылық және қаржылық емес ұйымдарға BBB BB және B рейтингтері берілгені анықталды. Бұл осы ұйымдар қолайсыз коммерциялық, қаржылық және экономикалық жағдайлар болмаса, қазіргі уақытта өздерінің қарыздық міндеттемелерін өз мерзіміне сай және толықтай орындай алатындығын көрсетеді.

Кілт сөздер: несиелік рейтинг, қарыздық міндеттеме, қаржы нарығы, ақпарат, биржа, қор, дефолт.

Ключевые слова: кредитный рейтинг, долговые обязательства, финансовый рынок, информация биржа, фонд, дефолт.

Keywords: credit rating, debt obligations, financial market, information exchange, fund, default.

Кіріспе. Қазақстандағы рейтингтік агенттіктердің рөлін зерттеудің өзектілігі жылдан жылға, әсіресе коронавирустық инфекция пандемиясының және қор нарығындағы онымен байланысты өзгерістердің аясында аса өткір бола түсуде. Рейтингтік агенттіктердің рөлін айқындау қазақстандық екінші деңгейлі банктер мен қаржылық емес ұйымдардың эмиссиялық саясатына ықпал ету мүмкіндігінің бар-жоғын түсінуге мүмкіндік береді. Рейтингтік агенттік түрлі ұйымдарға несиелік рейтингті және олардың несиелік қабілеттілігін, төлем қабілеттілігін және сенімділігі мен нәтижелерімен басқарушылық қасиеттерін бағалау арқылы басқару сапасы мен сенімділік рейтингін беруге жауапты бірегей коммерциялық институт.

Тақырыптың өзектілігі рейтингтік агенттіктің анықтамасымен белгіленеді. Экономикалық блокаданы бастау немесе экспедицияны қаржыландыру үшін ықтимал нәтижелер туралы қорытындылар берілген жобаларды талдау, таныстыру жүзеге асырылды. Қор нарығының экономикалық өсудің маңызды факторы ретіндегі рөлі көптеген жылдар бойы экономистер мен қаржыгерлердің зерттеу тақырыбы болды. Мысалы, Bondt (2005) өзінің еңбегінде инвесторлар мен эмитенттер бухгалтерлік есептің барынша ашықтығын қамтамасыз етуге және рейтингтік агенттіктердің қызметін дамытуға ұжымдық түрде мүдделі болатын нарықтық процесті құруға жағдай

жасайды деген [1]. Мұндай көзқарастың дұрыстығы еш дау туғызбайды, өйткені облигацияларды шығаратын эмитенттердің қарыздар бойынша міндеттемелерін өтей алу қабілетін рейтингтік агенттіктер бағалайды. Рейтингтік агенттіктер көбінесе «through the cycle» әдістемесін қолданады, анығырақ айтқанда, яғни коммерциялық банктің 5 жылдан 7 жылға дейінгі мерзімдегі жағдайын бағалайды. Аналитик мамандар да қаржы нарығының дамуына рейтингтік агенттіктер ықпал ететінін құптайды. Қаржылық ұйымдардың немесе экономиканың нақты секторындағы компаниялардың қаржылық жағдайы мен тұрақтылық деңгейі жайлы тәуелсіз пікір білдіретін бұл агенттіктер оларға несиелік рейтинг береді. Осы несиелік рейтингтің банктерге де, қаржылық емес ұйымдарға да маңызы зор екендігі көпшілікке мәлім. Басқа зерттеушілер борыштық бағалы қағаздар мен экономикалық өсу арасындағы оң байланысты атап өтті [2]. Жоғарыда айтылғандардың барлығы түптеп келгенде қор нарығының тиімділігіне әсер ететіні мамандарға белгілі.

Несиелік рейтингтер капитал құрылымын анықтайтын фактор ретінде жеткілікті зерттелмеген және зерттеушілер несиелік рейтингтер мен капитал құрылымы арасындағы байланыс туралы ортақ консенсусқа қол жеткізе алмады. Жүргізілген алдыңғы зерттеулердің ешқайсысында несиелік рейтингтердің маңыздылығы мен рейтингтік агенттіктердің рөлін саралап зерттеу қазақстандық контексте осы кезге дейін зерттелмеген.

Мақалада рейтингтік агенттіктердің қаржы нарығындағы рөлі мен несиелік рейтингтің маңыздылығын зерттеуде жалпылау мен салыстыру, талдау жасау мен синтез секілді теориялық зерттеу әдістері пайдаланылды.

Мақаланың мақсаты. Жұмыстың мақсаты әлемдік жетекші және жергілікті рейтингтік агенттіктердің маңыздылығы мен жіктелуін талдау болып табылады. Алға қойған мақсатқа жетуде келесі міндеттерді орындаған жөн:

- зерттелініп отырған рейтингтік агенттіктер бойынша ғылыми еңбектерге шолу;
- қазіргі жағдайдағы әлемдік жетекші және жергілікті рейтингтік агенттіктердің жай-күйі мен даму перспективаларына талдау;
- нарықтағы қарыздық құралдарды тиімді орналастыруға зиян келтірмейтін сандық және сапалық құралдарды жетілдіріру бағыттарын ұсыну.

Әдебиеттік шолу. Рейтингтер қаржы нарықтарында сұранысқа ие қаржылық өнім ретінде бірқатар сипаттамаларға түсініктемесін А.М. Карминский, Н.Ф. Дьячкова атап өтті [3]. Банктердің қаржылық тұрақтылығы мен сенімділігін бағалауда халықаралық рейтингтік агенттіктер маңызды рөл атқарады. Олардың рейтингтері қаражатты сақтау немесе инвестициялау үшін банкті таңдау туралы шешім қабылдауда тірек болады. Ағымдағы жылы ҚР барлық ЕДБ рейтингтері үздік ондықтан жаңартылды. [4]. Компаниялардың несиелік қабілеттілігін бағалау және олардың өз қарыздарын төлемеу ықтималдығы бойынша саралады [5]. М. Cha, К. Hwang, Y. Yeo [6] жұмысында несиелік рейтинг компанияның болашақ қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындау мүмкіндігі туралы пікірілерімен алмасты. Несиелік рейтинг – бұл рейтингтік агенттіктің қарыз алушының жалпы несиелік қабілетіне немесе қарыз алушының нақты қарыз міндеттемелеріне қатысты несиелік қабілетіне қатысты тәуекел факторларын бағалау тұжырымдамалары анықталды [7,8,9].

Жылдар бойы жинақталған сенімді деректер базасына қарамастан, сарапшылардың үлкен штаты, жетекші әлемдік рейтингтік агенттіктер бірқатар ірі корпорациялар мен банктердің нашарлаған қаржылық жағдайына, олардың бағалы қағаздарына, қаржы және несие нарықтарындағы жағдайға барабар және уақтылы баға бере алмады. Соңғы жылдары қаржы құралдарының дамуы, атап айтқанда активтерді секьюритизациямен байланысты, рейтингтік агенттіктер қолданатын әдістемелерде барабар көрініс таппады.

Негізгі бөлім. Әлемдегі жетекші агенттіктің үшеуі де алдағы уақытта ұзақ мерзімді перспективада өз беделіне қауіп төндірмес үшін дұрыс емес сертификациялау, жаңылыс сигнал беруге жол бермейді. Рейтингті бағалайтын агенттіктердің рөлін зерттеп қарастырған еңбектерге жүргізілген жүйелік талдау нәтижелері 1-суретте берілген.



1-сурет. Рейтингтік агенттіктердің рөлі*

* [10, 11, 12, 13] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Біз 1-суретте берілген рейтингтік агенттіктердің рөліне қатысты зерттеушілердің ұстанымдарымен келісеміз, себебі несиелік сигнал провайдері болсын, ақпарат ұсынушы делдал дегені де шындыққа жанасады. Мысалы, қаржы нарығында келісім-шарттар жасағанда облигацияларды шығарған ұйымдар мен оларды сатып алушылар арасындағы ақпараттық асимметрия деңгейін мүмкіндігінше азайту керек. Сол үшін сатып алушылар болып табылатын инвесторлар түсініксіздік пен белгісіздік деңгейін төмендету мақсатында рейтингтік агенттіктер беретін сигналдарға сүйенеді. Несиелік рейтинг тағайындайтын агенттіктердің өзі сол сигналдарды бір жағынан, эмитенттің ішкі есептілік пен өзге ақпараттары негізінде жасап, соңында инвесторларға сигнал таратушы қызметін көрсетеді. Сонымен бірге олар рейтингті бағалау арқылы несиелік сигнал провайдері, екінші жағынан ақпараттық делдал да болып табылады.

Біздің ойымызша, зерттеуші С. Kuhner берген «рейтингтік агенттіктердің негізгі рөлі ақпарат ұсынушы делдал болуында» деген пікірі өте орынды. Себебі сол агенттіктер тағайындаған рейтингтер бойынша ақпараттарды көпшілікке жария етеді. Жарияланған рейтингтер жалпы инвесторларға өз қаржылық салымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін сенімді, пайдалы және бұрмаланбаған ақпарат керек.

Рейтингтік агенттіктер мен несиелік рейтингтердің рөлін зерделеуге арналған зерттеулер мен әдебиет сырттан қаржы тартуда әлемдік жетекші агенттіктердің тағайындаған рейтингтерін алу қажеттілігін атап көрсетеді. А.В. Карминский мен А.А. Пересецкий халықаралық қарыздарды тарту құралдарын пайдалану үшін ресейлік банктерде S&P, Moody's, Fitch сияқты әлемдік агенттіктердің рейтингтері болуы керектігін атап өтті. Олар мұны халықаралық инвесторлардың жоғарыда аталған агенттіктердің рейтингтерін алғысы келетіндігімен түсіндіреді [9, с. 89]. Осылайша, әдебиеттерге жүргізілген жүйелі талдау агенттіктердің негізгі төрт түрлі рөлі бар екендігін анықтауға мүмкіндік берді.

Жаһандық рейтингтік агенттіктер тағайындайтын несиелік рейтингтер қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Ең бастысы, бұл ретте әрбір рейтинг агенттігі эмитенттердің өз міндеттемелерін өтей алу қабілетін бағалау үшін өзінің әдіснамасын анықтайды. Рейтингтік агенттіктер сонымен қатар әр түрлі әріптер жүйесін қолданады, онда қарыздық міндеттемелерді шығаратын фирмалар туралы пікірлері жинақталады. Мәселен, S&P эмитенттерді бағалау кезінде сандық және сапалық құралдар (инструменттер) мен талдау жасаудың әдістерін үйлестіретін әдістеме қолданады. Дәл осы агенттік ұзақ мерзімді борыштық бағалы қағаздар шығарылымына қатысты рейтинг тағайындауда 3 аспекті тұрғысынан қарастырады:

- борышкердің қаржылық міндеттемелерін міндеттемелер талаптарына сәйкес орындау қабілеті мен дайындығы;
- қаржылық міндеттеменің сипаты мен оны өтеу шарттары;
- банкрот болу немесе қайта ұйымдастыру жағдайында қаржылық міндеттемелерге берілетін қорғау.

Алдында айтылғандай, эмитенттер көбінесе беделді рейтингтік агенттіктерге жүгінуге мәжбүр. 2-кестеде әлемдік жетекші агенттіктің бірі болып табылатын Standard & Poor's рейтингтік агенттігі қарыздық міндеттемелерге қатысты несиелік рейтингті тағайындауда пайдаланатын шкалалар көрсетілген.

Ендігі кезекте, бұл мақалада S&P бағалаған рейтингтер ұйымдардың дефолтқа ұшырау ықтималдылығын бағалауда қаржылық және бизнес тәуекеліне байланысты анықталуы осы агенттікті таңдаудың негізгі себебі болды. Нақтылай түссек, қаржылық тәуекел ағымдағы және келешектегі ақша ағындарымен байланыстырылса, ал бизнес тәуекелі көп жағдайда бәсекелестік деңгей мен салалық тәуекелге де негізделіп рейтинг беріледі.

2-кесте

Standard and Poor's несиелік рейтингтерінің анықтамалары*

Жіктеме	Тағайындалатын рейтинг	Анықтамасы
Инвестициялық деңгей	AAA	Қаржылық міндеттемелерді орындау үшін өте жоғары деңгейдегі күшті әлеуеті бар
	AA (+/non/ -)	Өз қаржылық міндеттемелерін орындау үшін өте күшті әлеуетке ие
	A (+/non/ -)	Өз қаржылық міндеттемелерін орындау үшін күшті әлеуетке ие
	BBB (+/non/ -)	Өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін әлеуеті жеткілікті
Спекулятивті деңгей	BB (+/non/ -)	Басқа спекулятивті (қайта сату) секілді мәселелерге қарағанда төлем жасамауға кішкене бейім. Негізгі тұрақты белгісіздіктер
	B (+/non/ -)	Бизнестегі, қаржылық немесе экономикалық қолайсыз жағдайлар олардың қаржылық міндеттемелерін орындау қабілетін немесе дайындығын төмендетуі мүмкін
	CCC (+/non/ -)	Төлемеу тәуекеліне бейім және өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қолайлы іскерлік, қаржылық немесе экономикалық жағдайларға тәуелді
	CC, C	Қазіргі уақытта төлем жасамауға өте бейім
	C	Қазіргі уақытта өтемақысы төмен төлемдерді төлемеуге өте бейім
	D	Жүктеліп белгіленген уәдені орындамаған немесе бұзған жағдайда
	NR	Рейтинг сұралмады, бағалау үшін ақпарат жеткіліксіз немесе S&P нақты міндеттемені бағаламайды

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2-кестеде көрсетілгендей, AAA – ең жоғары (ең жақсы) рейтинг, ал D ең төменгі (ең нашар) рейтингке жатады. C мен CC – қарыздық бағалы қағаздарды шығарған ұйымға қатысты банкроттық рәсім қозғалған немесе осыған ұқсас іс-әрекет қолданыла бастаған кезде өз міндеттемелері бойынша төлем жасай алмайтынын көрсетеді.

9 Қазақстандық ЕДБ-тердің барлығына S&P агентігі инвестициялық деңгейдегі жіктеме бойынша ұзақ мерзімді рейтингтерді белгілегені байқалады (3 кесте). Шетел және ұлттық валютадағы несиелік рейтинг бойынша банктерге көбінесе спекулятивті деңгейдегі рейтингтер берілген. Мұндай рейтингтердің қаржылық емес ұйымдарға тағайындалуы, яғни BB рейтингі 4-еуіне, BBB- рейтингі үш ұйымға, және B рейтингі де 3 ұйымға берілген. BB рейтингі қысқа мерзімді перспективада қауіпті еместігін білдіреді. Бұл бизнесте немесе экономикада қолайсыз жағдайлар орын алған жағдайда бұл ұйымдар өздерінің қаржылық міндеттемелері бойынша төлемдерді уақытылы төленуін төмендеп кетуге бейім екендігін көрсетеді.

3-кесте

ЕДБ, сақтандыру мен қаржылық емес ұйымдарына берілген рейтингтер*

Банктер	Ұлттық шкала бойынша ұзақ мерзімді рейтинг	Шетел валютасындағы несиелік рейтинг ҰМ/болжам/ҚМ	Ұлттық валютадағы несиелік рейтинг ҰМ/болжам/ҚМ
1	2	3	4
1 Bank CenterCredit	kzBBB-	B/stable/B	B/ stable /B
2 Bank Freedom Finance Kazakhstan	kzBB+	B/ stable /B	B/ stable /B
3 Development Bank of Kazakhstan	kzAAA	BBB-/ stable /A-3	BBB-/ stable /A-3
4 ForteBank	kzBBB+	B+/ positive/B	B+/ positive/B
5 Halyk Savings Bank of Kazakhstan	kzAA	BB+/ stable /B	BB+/ stable /B

	1	2	3	4
6	Kaspi Bank	kzA	BB-/ positive/B	BB-/ positive/B
7	Nurbank	kzBB-	B-/ stable /B	B-/ stable /B
8	SB Alfa-Bank	kzA+	BB/стабильный/B	BB/стабильный/B
9	VTB Bank (Kazakhstan) SO	kzAA	BB+/ stable /B	BB+/ stable /B
Компаниялар				
1	Batys Transit	kzBBB-	B/ stable /B	B/ stable /B
2	DAMU Entrepreneurship Development Fund	kzAAA	BBB-/ stable /A-3	BBB-/ stable /A-3
3	Fincraft Group LLP	kzA-	BB-/ stable /B	BB-/ stable /B
4	Kazakhstan Electricity Grid Operating Co.	BB+	BB+/ stable	BB+/ stable
5	Kazakhstan Temir Zholy	kzA+	BB/ stable	BB/ stable
6	Kazakhtelecom	kzAA	BB+/ stable	BB+/ stable
7	KazMunayGas NC	kzA+	BB/Negative	BB/Negative
8	KazTransGas	BB	BB/ positive	BB/ positive
9	KazTransOil	BB	BB/Negative	BB/Negative
10	OnlineKazFinance Microfinance Organization LLP	kzBB+	B/ stable /B	B/ stable /B
11	Sovereign Wealth Fund Samruk-Kazyna	kzAAA	BBB-/ stable /A-3	BBB-/ stable /A-3
12	Tengizchevroil LLP	kzAAA	BBB-/ stable	BBB-/ stable
13	TransTeleCom Co. JSC	kzBB	B/ stable	B/ stable

* [14] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

ЕДБ-терді қарастырсақ, S&P агентігінің шкаласы бойынша ұзақ мерзімді рейтинг тек Development Bank of Kazakhstan ғана kzAAA, ал BBB- инвестициялық деңгейде тек Bank CenterCredit-ке берілген. Инвестициялық деңгейіндегі BBB+ тек ForteBank қана ие, сондай-ақ 3 қазақстандық қаржылық емес ұйымдарға AAA берілген. Бұл қаржылық және қаржылық емес ұйымдардың өз қарыздық міндеттемелерін орындау үшін әлеуеті жеткілікті екенін көрсетеді.

Ұлттық рейтингтік агенттіктерді дамытудың маңыздылығы рейтингті алу кезінде көрінеді, өйткені Moody's, S&P және Fitch сияқты жаһандық рейтингтік агенттіктер орташа компанияларға қызмет көрсетуі мүмкін емес. Қазақстандық қор нарығының біртіндеп дамуы орта бизнес субъектілерінің рейтингке деген сұранысының жоғарылауына әкеледі. Ал жаһандық рейтингтік агенттіктердің қызметі қымбат болғандықтан, отандық орташа компаниялар оны төлеуге қауқарсыз. Кезінде осы мәселені шешу үшін, дәлірек айтқанда 2008 жылы Қазақстан Үкіметі қолдауымен Ұлттық рейтингтік агенттік (ҰРА) құрылды. Бұл қазақстандық нарық қатысушыларына қолжетімді бағаға рейтингтер алуына мүмкіндік берді.

Несиелік рейтинг - бұл инвесторлар үшін индикатордың бір түрі: кез-келген бағалы қағазға, компанияға немесе елге ақша салымы туралы есеп. Рейтингтік агенттіктер өздерінің алғашқы кезеңдерінде экономиканың қарқынды дамуын, несиелік инвесторлық қатынастарды берді. Рейтингтік агенттіктердің қызметі болмаса, көптеген ұйымдар өз қызметін дамыту үшін қажетті капитал көлемін ала алмайды. Барлық жетістіктермен рейтингтік агенттіктер ірі шаруашылық жүргізуші субъектілерге, биржаларға және бүкіл экономикаға айтарлықтай әсер етті.

Талдау нәтижелері әлемдік жетекші агенттіктің бірі S&P қазақстандық ұйымдарға несиелік рейтинг белгілегенде асыра бағаламағандығын және барынша сенімді шкаламен көрсеткені анықталды. Бұл өз алдына халықаралық агенттіктердің өз қызметін көрсетуде үшінші тарап тұрғысынан әділ бағалайтындығының дәлелі деуге де болады.

Сонымен қатар қазақстандық несиелік рейтингтер индустриясында бәсекелестік бар ма, соны анықтау керек. Авторларға белгілі болғандай, Қазақстанда төрт рейтингтік агенттік қызмет көрсетеді: «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы», «KZ RATING», «Эксперт РА Қазақстан» және «Қазақстан-Ресей Рейтингтік Агенттік». Алдыңғы екеуі отандық рейтингтік агенттіктер болып табылады. «Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы» РА өз қызметін 2018 жылдан бастап ерікті тарату арқылы тоқтатты. «KZ RATING» рейтингтік агенттігі 2007 жылдан бастап қызмет көрсетіп келеді. «Астана» Халықаралық Қаржы орталығы мен Ресейлік Аналитикалық Несиелік

Рейтингтік Агенттігінің базасында ашылған соңғы агенттік 2019 жылдың ортасынан бастап серіктестік негізінде қызмет көрсете бастады. «Эксперт РА Қазақстан» рейтинг агенттігі де ресейлік рейтинг агенттігінің қатысуымен құрылғанын атап өткіміз келеді. Әрине, ішкі нарықта қаржыландырылатын қарыз алушыларға қызметі қымбат әлемдегі жетекші рейтингтік агенттіктерге жүгінбейді, неғұрлым қарапайым және қымбат емес рәсімді пайдаланғанды жөн көреді.

Қорытынды. Мақаланың басты тұжырымы қазақстандық агенттіктердің тағайындайтын несиелік рейтингтері сенімділік пен пайдалылық өлшемдеріне барынша сәйкес келуі мақсатында ұлттық рейтингтік агенттіктер ҰРА беретін рейтингтерінің сапасын қамтамасыз ету үшін бәрін жасаған жөн. Рейтингті беру әдістемесі бойынша, яғни оны бағалауда инвесторлар өз тәуекелдерін толық бағалай алуы мен «жергілікті» ерекшеліктерді ескеруі үшін қазақстандық агенттіктердің қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету керек. Сондықтан олардың негізгі міндеті ұлттық және халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтерінің сәйкессіздігіне жол бермеу болып табылады. Нарықтағы қарыздық құралдарды тиімді орналастыруға зиян келтірмейтін сандық және сапалық құралдарды да, жетілдірілген талдау әдістерін де біріктіретін әдістемені қолдану қауіптен аулақ болудың жалғыз жолы болып саналады.

Рейтингтік агенттіктер - бірегей институттар. Олардың қызметінің басталуымен шаруашылық жүргізуші субъектілер капиталды оңай тартып, өз қызметін іске асыра алады. Олар бірден консультациялық және ақпараттық қызметтерді ұсыну қажеттілігін көрсетті. Бүгінгі таңда рейтингтер жасамай биржалардың жұмыс істеуі мүмкін емес. Өйткені, ақпаратсыз олардың барлық дерлік жұмысы орнынан тұрады және рейтингтік агенттік сияқты тиімді құралды табу екіталай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Bondt G.D. Determinants of corporate debt securities in the euro area // *The European Journal of Finance*. – 2005. – Vol. 11, №. 6. – P. 493-509.
2. Harvey C.R. Forecasts of economic growth from the bond and stock markets // *Financial Analysts Journal*. – 1989. – Vol. 45, №. 5. – P. 38-45.
3. Карминский А.М., Дьячкова Н.Ф. Исследование взаимосвязи кредитных циклов с изменениями кредитных рейтингов // *Журнал Новой Экономической Ассоциации*. – 2020. – №4(48). – С. 138-160.
4. Конструктивные изменения: как международные рейтинговые агентства оценивают банки РК [Электронный ресурс]. – URL: <https://ranking.kz/rankings/banking-and-finance-rankings/konstruktivnye-izmeneniya-kak-mezhdunarodnye-reytingovye-agentstva-otsenivayut-banki-rk.html>.
5. Rogers D., Mendes-da-Silva W., Rogers P. Credit rating change and capital structure in Latin America // *BAR-Brazilian Administration Review*. – 2016. – Vol. 13, № 2. – P. 1-22.
6. Cha M., Hwang K., Yeo Y. Relationship between audit opinion and credit rating: evidence from Korea // *Journal of Applied Business Research (JABR)*. – 2016. – Vol. 32, № 2. – P. 621-634.
7. Milidonis A. Compensation incentives of credit rating agencies and predictability of changes in bond ratings and financial strength ratings // *Journal of Banking & Finance*. – 2013. – Vol. 37, №. 9. – P. 3716-3732.
8. Orth W. The predictive accuracy of credit ratings: Measurement and statistical inference // *International Journal of Forecasting*. – 2012. – Vol. 28, №. 1. – P. 288-296.
9. Карминский А.М., Пересецкий А.А. Исследование взаимосвязи кредитных циклов с изменениями кредитных рейтингов // *Журнал Новой Экономической Ассоциации*. – 2009. – №1-2. – С. 86-102.
10. Thompson G.R., Vaz P. Dual bond ratings: a test of the certification function of rating agencies // *Financial review*. – 1990. – Vol. 25, № 3. – P. 457-471.
11. Kuhner C. Financial rating agencies: Are they credible? – Insights into the reporting incentives of rating agencies in times of enhanced systemic risk // *Schmalenbach Business Review*. – 2001. – Vol. 53, № 1. – P. 2-26.
12. Stover R.D. Third-party certification in new issues of corporate tax-exempt bonds: standby letter of credit and bond rating interaction // *Financial Management*. – 1996. – Vol. 25. – P. 62-70.
13. Partnoy F. The Siskel and Ebert of financial markets: Two thumbs down for the credit rating agencies // *Washington University Law Quarterly*. – 1999. – Vol. 77. – P. 619-712.

14. S&P Global Rating агентігінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: <https://disclosure.spglobal.com/ratings/ru/regulatory/delegate/getPDF?articleId=2773493&type=COMMENTS&subType=REGULATORY>.

REFERENCES

1. Bondt G.D. Determinants of corporate debt securities in the euro area // *The European Journal of Finance*. – 2005. – Vol. 11, №. 6. – P. 493-509.
2. Harvey C.R. Forecasts of economic growth from the bond and stock markets // *Financial Analysts Journal*. – 1989. – Vol. 45, №. 5. – P. 38-45.
3. Karminskij A.M., D'jachkova N.F. Issledovanie vzaimosvjazi kreditnyh ciklov s izmenenijami kreditnyh rejtingov [A study of the relationship between credit cycles and changes in credit ratings] // *Zhurnal Novej Jekonomicheskoy Associacii*. – 2020. – №4(48). – S. 138-160 [in Russian].
4. Konstruktivnye izmeneniya: kak mejdunarodnye reitingovye agentsva osenivaiut banki RK [Design changes: how international rating agencies evaluate the banks of the Republic of Kazakhstan] [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://ranking.kz/rankings/banking-and-finance-rankings/konstruktivnye-izmeneniya-kak-mejdunarodnye-reytingovye-agentstva-otsenivayut-banki-rk.html> [in Russian].
5. Rogers D., Mendes-da-Silva W., Rogers P. Credit rating change and capital structure in Latin America // *BAR-Brazilian Administration Review*. – 2016. – Vol. 13, № 2. – P. 1-22.
6. Cha M., Hwang K., Yeo Y. Relationship between audit opinion and credit rating: evidence from Korea // *Journal of Applied Business Research (JABR)*. – 2016. – Vol. 32, № 2. – P. 621-634.
7. Milidonis A. Compensation incentives of credit rating agencies and predictability of changes in bond ratings and financial strength ratings // *Journal of Banking & Finance*. – 2013. – Vol. 37, №. 9. – P. 3716-3732.
8. Orth W. The predictive accuracy of credit ratings: Measurement and statistical inference // *International Journal of Forecasting*. – 2012. – Vol. 28, №. 1. – P. 288-296.
9. Karminskij A.M., Pereseckij A.A. Issledovanie vzaimosvjazi kreditnyh ciklov s izmenenijami kreditnyh rejtingov [A study of the relationship between credit cycles and changes in credit ratings] // *Zhurnal Novej Jekonomicheskoy Associacii*. – 2009. – №1-2. – S. 86-102 [in Russian].
10. Thompson G.R., Vaz P. Dual bond ratings: a test of the certification function of rating agencies // *Financial review*. – 1990. – Vol. 25, № 3. – P. 457-471.
11. Kuhner C. Financial rating agencies: Are they credible? – Insights into the reporting incentives of rating agencies in times of enhanced systemic risk // *Schmalenbach Business Review*. – 2001. – Vol. 53, № 1. – P. 2-26.
12. Stover R.D. Third-party certification in new issues of corporate tax-exempt bonds: standby letter of credit and bond rating interaction // *Financial Management*. – 1996. – Vol. 25. – P. 62-70.
13. Partnoy F. The Siskel and Ebert of financial markets: Two thumbs down for the credit rating agencies // *Washington University Law Quarterly*. – 1999. – Vol. 77. – P. 619-712.
14. S&P Global Rating agentігінің ресми sajty [Official site of S&P Global Rating agency] [Elektronnyy resurs]. – URL: <https://disclosure.spglobal.com/ratings/ru/regulatory/delegate/getPDF?articleId=2773493&type=COMMENTS&subType=REGULATORY>.

Өмір А.Ж., Мазбаева К.О., Большекбаева Қ.О., Телагусова Э.О.

ВАЖНОСТЬ И РОЛЬ РЕЙТИНГОВЫХ АГЕНТСТВ И КРЕДИТНЫХ РЕЙТИНГОВ В СТРУКТУРЕ КАПИТАЛА

Аннотация

Рейтинговые агентства проводят независимую оценку кредитоспособности компаний-заемщиков и бесплатно предоставляют свои рейтинги широкому кругу пользователей. В данной статье рассматривается важность и роль ведущих мировых и местных рейтинговых агентств, а также классификация кредитных рейтингов. В частности, обсуждаются четыре их основные роли. Выявлено, что рейтинговые агентства представляя беспристрастные заключения о вероятности невыполнения долговых обязательств компаний-эмитентов, помогают неосведомленным инвесторам принимать важные инвестиционные решения. Отмечена роль в уменьшении информационной асимметрии между участниками финансового рынка. Было показано, что большинство исследователей дали наиболее глубокие и полные определения кредитного рейтинга, а

также дефиниции, раскрывающие его сущность. Раскрыто, что, в отличие от рейтинга AAA, казахстанским финансовым и нефинансовым организациям в 2021 присвоены рейтинги BBB, BB и B. Это свидетельствует о том, что в настоящее время данные организации в отсутствие неблагоприятных коммерческих, финансовых и экономических условий могут выполнять свои долговые обязательства в срок и в полном объеме. Несмотря на возможность проведения оплаты в краткосрочной перспективе, эти организации имеют высокую уязвимость для своевременного погашения своих обязательств в случае возникновения указанных негативных ситуаций в долгосрочной перспективе. Казахские агентства смогут осуществлять надежную оценку кредитного рейтинга организаций с максимальным применением методики, сочетающей как количественные и качественные инструменты, так и усовершенствованные методы анализа, не наносящие вреда эффективному размещению долговых инструментов на рынке.

Omira A., Mazbayeva K., Bolshekbaeva K., Telagussova E.

THE IMPORTANCE AND ROLE OF RATING AGENCIES AND CREDIT RATINGS IN THE CAPITAL STRUCTURE

Annotation

The rating agencies conduct an independent assessment of the creditworthiness of borrowing companies and provide their ratings to a wide range of users free of charge. This article discusses the importance and role of the leading global and local rating agencies, as well as the classification of credit ratings. In particular, their four main roles are discussed. It is revealed that rating agencies, by presenting unbiased conclusions about the probability of non-fulfillment of debt obligations of issuing companies, help uninformed investors to make important investment decisions. The role of reducing information asymmetry between financial market participants was noted. It was shown that the majority of researchers gave the most profound and complete definitions of a credit rating, as well as definitions that reveal its essence. It is revealed that, unlike the AAA rating, Kazakhstan's financial and non-financial organizations in 2021 were assigned the BBB, BB and B ratings. This indicates that at present these organizations, in the absence of unfavorable commercial, financial and economic conditions, can fulfill their debt obligations on time and in full. Despite the possibility of making payments in the short term, these organizations have a high vulnerability to timely repayment of their obligations in the event of these negative situations occurring in the long term. Kazakh agencies will be able to carry out a reliable assessment of the credit rating of organizations with the maximum use of a methodology combining both quantitative and qualitative tools and improved analysis methods that do not harm the effective placement of debt instruments on the market.

